



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

емес, жалпы әлемде дәстүрлі білім беру уақытша тоқтап, онлайн білім беру пайда болды да, екі жыл ішінде әлемді және қоғам мен білім беру жүйесін өте қатты өзгертті. Соның нәтижесінде, жылдам ұялы байланыс телефондары, мобильді ғаламтор мен сандық электрондық құрылғыларға сұраныс 2 есе өсті. Бұл өз кезегінде компанияның айналымын өсірсе, айналым ақша қаражаттарын арттырды.

Сондай-ақ, 2020 жылы елімізде «Цифрлы Қазақстан» [3] ұлттық жобасының аясында «Қазақтелеком» АҚ «Транстелеком» АҚ- мен бірлесе отырып, ҚР шалғай ауылды елді-мекендеріне жоғары байланысты талшықты-оптикалық желілерді жасады. Соның негізінде ҚРда ұялы байланыспен қамтамасыз ету деңгейі 81%ды құрап, бүкіл әлемде 45-інші орынға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақтелеком» АҚ ресми сайты <https://telecom.kz/ru/about/list>
2. Жалпыға ортақ көп тілді әмбебап интернет энциклопедиясы – Уикипедия <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B5%D0%BA%D0%BE%D0%BC>
3. Республикалық газет – Егемен Қазақстан <https://egemen.kz/article/209957-2020-dgyldynh-sonhyna-deyin-880-auylda-kenh-dgolaqty-internet-dgelisi-goldgetimd>
4. «Қазақтелеком» АҚ 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі
5. «Қазақтелеком» АҚ 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі
6. «Қазақтелеком» АҚ 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі

АКТИВТЕР АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ» АҚ МЫСАЛЫНДА)

Мәмшетов С.Ж

“Мемлекеттік аудит” БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: smstv030703@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.

Андатпа. Зерттеу жұмысында «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-АҚ) активтер аудитіне талдау жұмыстары жүргізілді. Ақпараттың негізі ретінде «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» АҚ-ның 2018-2020 жылдардың жеке қаржылық есептілігі алынды.

Сонымен қатар, жеке қаржылық есептіліктің негізінде акционерлік қоғамның қаржылық жағдайы да көрсетілді, ондағы мәселелер талқыланды. Зерттеу жұмысы индукция, дедукция, анализ, синтез тәсілдері арқылы орындалды.

Аннотация. В научной работе проведен анализ активной аудиторской деятельности акционерного общества (далее-АО) «Национальная компания Казахстан инжиниринг». За основу информации взята отдельная финансовая отчетность АО «НК Казахстан инжиниринг» за 2018-2020 годы. Кроме того, на основе отдельной финансовой отчетности также было показано финансовое положение акционерного общества и рассмотрены вопросы, содержащиеся в ней. Научная работа написана с использованием методов индукции, дедукции, анализа и синтеза.

Annotation. This scientific work the active auditing activities of the joint-stock company (hereinafter-JSC) "National Company Kazakhstan engineering". The information is based on the separate financial statements of NC Kazakhstan engineering JSC for 2018-2020. In addition, on the basis of separate financial statements, the financial position of the joint-stock company was also shown and the issues contained in it were considered. The scientific work is written using the methods of induction, deduction, analysis and synthesis.

Кілтті сөздер. Актив, аудит, ағымдағы активтер, айналымнан тыс активтер, қаржылық есептілік, баланс

Ключевые слова. Актив, аудит, оборотные активы, внеоборотные активы, финансовая отчетность, бухгалтерский баланс

Key words. Asset, audit, current assets, non-current assets, financial statements, balance sheet

Қаржылық есептілік аудитін жүргізу барысында, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ аналитикалық талдау жұмысын жасайық. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен әскери зауыттарын Қоғам құрамына қосу арқылы «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы №244 «Қазақстан Республикасының әскери-өнеркәсіптік кешенінің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, елдің қорғаныс-өндірістік кешенін басқару жүйесін жетілдіру мақсатында құрылды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына қол жеткізу үшін, яғни активтер аудитін зерделеу үшін 2018-2020 жылдардағы жеке қаржылық есептіліктің балансындағы активтер бөлімінің негізінде кесте құрдым.

Кесте 1

«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компания» АҚ активтерінің жағдайы туралы есеп

Көрсеткіштер	2018, мың тг	2019, мың тг	2020, мың тг
1	2	3	4
АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР			

Негізгі құралдар	388 094	341 081	246 257
Материалдық емес активтер	109 222	78 887	74 232
Еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	28 171 130	28 832 061	59 750 421
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	3 261 326	1 645 464	1 846 789
Берілген қарыздар	11 705 995	13 202 203	13 095 065
Өзге ұзақ мерзімді активтер	61 088	768	768
Барлығы	43 696 855	44 100 464	75 013 532
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР			
Тауарлы-материалдық қорлар	40 118	43 285	41 091
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем	112 570	171 119	242 208
Берілген аванстар және өзге де активтер	8 518 179	54 773 453	20 332 074
Сауда және өзге дебиторлық берешек	187 899	2 737 230	4 198 339
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	3 119 189	3 768 838	19 600 865
Сатуға арналған активтер	4 301 567	4 301 567	101 202
Барлығы	16 279 522	65 795 492	44 515 779
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	59 976 377	109 895 956	119 529 311
Ескертпе-[2] пайдаланылған әдебиеттер негізінде автормен жасалған			

1-кестені талдайтын болсақ, қарап тұрғанымыздай ең ауқымды активтері болған жыл болып 2020 жыл саналады (119 529 311 мың тг). Екінші орынды 2020 жыл алады (109 895 956 мың тг). Ал ең азы болып 2018 жыл саналады, нәбәрі 59 976 377 мың тг. Яғни, 2019-2020 жылдары акционерлік қоғамның активтері 2018 жылға қарағанда екі еседей артқан деген сөз.

Ендігі кезекте, активтердің түрі бойынша жеке-жеке әр жылға сәйкес қанша көлемде үлес алып жатқанын анықтайтын болсақ, ол үшін диаграммалар қажет болады. Бірінші, 2018 жылдың активтеріне тоқталайық:



Сурет 1. 2018 жылдағы айналымнан тыс активтердің құрылымы


Көріп тұрғанымыздай, 2018 жылдың айналымнан тыс активтерінің ішіндегі ең көп үлесін, яғни 65% еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар бөлімі алып отыр. Қалған 27% берілген қарыздар, 7% кейінге қалдырылған салықтық активтер, 1% негізгі құралдар иеленіп отыр. Байқағанымыздай, акционерлік қоғам инвестициялық қызметке көп көңіл бөледі екен.



Сурет 2. 2018 жылдағы ағымдағы активтердің құрылымы


Осы суреттен қарап тұрғанымыздай, мұнда енді ағымдағы активтердің ең көп үлесін, яғни 52%-ін берілген аванстар және өзге де активтер иеленген. Қалған 27%-ы сатуға арналған активтерге, 19%-ы ақша қаражаты және олардың эквиваленттеріне, 1%-ы табыс салығы бойынша алдын-ала төлемге, сонымен қоса сауда және өзге дебиторлық берешекке тиесілі.

Енді, 2019 жылдың активтерінің үлесін қарастырайық:



Сурет 3. 2019 жылдағы айналымнан тыс активтердің құрылымы

Көріп тұрғанымыздай, 2019 жылдың айналымнан тыс активтерінің ішіндегі ең көп үлесін, яғни 65% еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар бөлімі алып отыр. Қалған 30% берілген қарыздар, 4% кейінге қалдырылған салықтық активтер, 1% негізгі құралдар иеленіп отыр. Байқағанымыздай, акционерлік қоғам 2018 жылдағы сияқты инвестициялық қызметке көп көңіл бөледі екен.




Сурет 4. 2019 жылдағы ағымдағы активтердің құрылымы

Осы суреттен қарап тұрғанымыздай, мұнда енді ағымдағы активтердің ең көп үлесін, яғни 83%-ін берілген аванстар және өзге де активтер иеленген. Қалған 7%-ы сатуға арналған активтерге, 6%-ы ақша қаражаты және олардың

эквиваленттеріне, 4%-ы сауда және өзге дебиторлық берешекке, соңғы артылған пайыздар табыс салығы бойынша алдын-ала төлемге тиесілі.

Енді, 2020 жылдың активтерінің үлесін қарастырайық:



Сурет 5. 2020 жылдағы айналымнан тыс активтердің құрылымы, мың тг

Көріп тұрғанымыздай, 2020 жылдың айналымнан тыс активтерінің ішіндегі ең көп үлесін, яғни 80% еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар бөлімі алып отыр. Қалған 17% берілген қарыздар, 3% кейінге қалдырылған салықтық активтер, артылған пайыздардың үлесін өзге ұзақ мерзімді активтер, материалдық емес активтер, негізге құралдар алып отыр.

Енді, акционерлік қоғамның 2018-2020 жылдардағы активтерінің өзгерісі туралы, яғни өсу және өсім қарқыны туралы айтатын боламын. Бірінші кезекте, айналымнан тыс активтердің өзгерісі туралы талқылайық:

Кесте 2

2018-2020 жылдардағы айналымнан тыс активтердің динамикалық өзгерісі

Көрсеткіштер	2018-2019, мың тг		2019-2020, мың тг	
	1	2	3	4
	өсу қарқыны, %	өсім қарқыны, %	өсу қарқыны, %	өсім қарқыны, %
АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР				
Негізгі құралдар	88	-12	72	-28
Материалдық емес активтер	72	-28	94	-6
Еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	102	2	207	107
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	50	-50	112	12
Берілген қарыздар	113	13	99	-1

Өзге ұзақ мерзімді активтер	1	-99	100	0
Барлығы	101	1	170	70

Сонымен, 2-ші кестеде 2018 жылдан 2019 жылға және 2019 жылдан 2020 жылға қарағандағы динамикалық өзгерістері анықталған. 2018 жылдан 2019 жылға қарағанда:

- негізгі құралдар 12%-ға, ал материалдық емес активтер 28%-ға, кейінге қалдырылған салықтық активтер 50%-ға, өзге ұзақ мерзімді активтер 99%-ға төмендеген;

- еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар 2%-ға, берілген қарыздар 13%-ға, ал барлық айналымнан тыс активтердің жиыны 1%-ға артқан.

Ал, енді 2019 жылдан 2020 жылға қарағандағы динамикалық өзгерісі мына жағдайда болды:

- негізгі құралдар 28%-ға, материалдық емес активтер 6%-ға, берілген қарыздар 1%-ға төмендеген;

- еншілес, бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар 107%-ға, кейінге қалдырылған салықтық активтер 12%-ға, ал барлық айналымнан тыс активтердің жиыны 70%-ға артқан;

- ал өзге ұзақ мерзімді активтер өзгеріссіз қалды.

Екінші, ағымдағы активтердің динамикалық өзгерісі туралы мәліметтер 3-кестеде қарастырылған:

Кесте 3

2018-2020 жылдардағы ағымдағы активтердің динамикалық өзгерісі

Көрсеткіштер	2018-2019, мың тг		2019-2020, мың тг	
	1	2	3	4
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР				
	өсу қарқыны, %	өсім қарқыны, %	өсу қарқыны, %	өсім қарқыны, %
Тауарлы-материалдық қорлар	108	8	95	-5
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем	152	52	142	42
Берілген аванстар және өзге де активтер	643	543	37	63
Сауда және өзге дебиторлық берешек	1457	1357	153	53
Ақша қаражаты және олардың эквиваленттері	121	21	520	420
Сатуға арналған активтер	100	0	2	-98
Барлығы	404	304	68	-32
Ескертпе-[2] пайдаланылған әдебиеттер негізінде автормен жасалған				

Сонымен, 3-ші кестеде ағымдағы активтердің динамикалық өзгерісі берілген, онда 2018 жылдан 2019 жылға және 2019 жылдан 2020 жылға қарағандағы тек ағымдағы активтер бойынша динамикалық өсу және өсім

қарқындары көрсеткіштері бухгалтерлік құжаттарға негізделе отырып есептелген. Сонымен, ағымдағы активтер 2018 жылдан 2019 жылға қарағанда барлық ағымдағы активтердің көрсеткіштері артқан. Оны кестенің өсім қарқыны бөлімінен көруге болады.

Ал, енді 2019 жылдан 2020 жылға қарағандағы ағымдағы активтердің динамикалық өзгерісі мына жағдайда болды:

- тауарлы-материалдық қорлар 5 %-ға, берілген аванстар және өзге де активтер 63%-ға, сатуға арналған активтер 98%-ға, ал барлық ағымдағы активтердің жиыны 32%-ға төмендеген;
- табыс салығы бойынша алдын-ала төлем 42%-ға, сауда және өзге дебиторлық берешек 53%-ға, ақша қаражаты және олардың эквиваленттері 420%-ға артқан.

Қорытындылай келе, «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» акционерлік қоғамының активтер аудитіне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысында қажетті ғылыми әдістер қолданылып акционерлік қоғамның активтері құрылымына талдау жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, көрсеткіштердің динамикалық өзгерістері, яғни өсу және өсім қарқындары анықталды. Жоғарыдағы баланстан алынған кестелерде, берілген АҚ-ның активтерінің жылдан-жылға артып жатқанын байқаймыз. Осыған дәлел, АҚ-ның өндірістік-шаруашылық, инвестициялық қызметінің артуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ ресми сайты [Электрондық ресурс]. - <https://www.ke.kz/>
2. «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ 2018-2020 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы [Электрондық ресурс]. - <https://ke.kz/for-investors/reporting-and-results/3/>

«КАЗАТОМПРОМ» АҚ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ АУДИТІ

Мырзатаева Қ.Ж.

«Есеп және аудит» мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: myrzataevakarakat@[mail.ru](mailto:myrzataevakarakat@mail.ru)

Ғылыми жетекші: Бекболсынова Алма Сартаевна
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға-оқытушы, э.ғ.м.